

2

Қармақшы:
меже мен міндет
үйлесімі

4

Көрші ақысы



Сыр бойы

№109 (20985) 22 шілде, сейсенбі 2025 жыл

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

www.facebook.com/syrboyi_kz

www.instagram.com/syrboyi_kz

t.me/syrboyi_kz

twitter.com/syrboyi

/// ҮКІМЕТ

САЛЫҚ КОДЕКСІ: ТҮСІНДІРУ ЖҰМЫСТАРЫ БАСТАЛДЫ

Елімізде «Салық кодексіне қол қойылғаннан кейін түсіндіру жұмыстары басталды.

Алғашқы жария түсіндіру «Атамекен» ҰКП алаңында өтті. Премьер-министрдің орынбасары – Ұлттық экономика министрі Серік Жұманғарин және Палата президентінің төрағасы Райымбек Баталов салалық қауымдастықтардың өкілдерімен офлайн және онлайн форматта өткен семинар-кеңес аясында кездесті.

Іс-шара барысында мемлекеттік органдардың өкілдері бизнеске жаңа Салық кодексінің негізгі нормаларын түсіндірді. Қатысушылар арасында машина жасау, фарминдустрия, қоғамдық тамақтану, бөлшек сауда, денсаулық сақтау, салық кеңесшілері және басқа да бірлестіктер өкілдері бар.

Жаңа құжаттағы негізгі өзгерістер туралы хабарлар етуден басқа, арнайы салық режимдеріне және салықтық әкімшіленудің жаңа тәсілдеріне ерекше назар аударылды.

Ұлттық экономика министрлігі Салық және кеден саясаты департаментінің директоры Ерлан Сағынаев жаңа кодексте арнаулы салық режимдерінің саны жетіден үшке дейін қысқартылғанын атап өтті:

«Өзін-өзі жұмыспен қамтығандар үшін АСР-ды жеке кәсіпкер болып табымайтын, жұмыскерлердің еңбегін пайдаланбайтын және осы АСР қолдануға рұқсат етілген қызмет түрлерін жүзеге асырмайтын жеке тұлғалар қолдануға құқылы. Күнтізбелік айдағы табысы 300 АЕК-тен аспайтындар», – деді Е.Сағынаев.

Бұл ретте өзін-өзі жұмыспен қамтығандар ЖТС-дан босатылады және табысының 4% мөлшерінде өздері үшін әлеуметтік төлем ғана төлейді. Жөнделген декларацияның жаңа режимінде ККС пен әлеуметтік салықты төлеу мүмкіндігі сақталады. Оны күнтізбелік жылдағы табысы 600 мың еселенген АЕК-тен (2,4 млрд теңге) аспайтын, жалдамалы жұмыскер санына шектеу жоқ және қызмет түрі тыйым салу түрлері тізбесіне енгізілмеген салық төлеушілер қолдануға құқылы.

Айта кетейік, енді жаңа Салық кодексінің нормаларын түсіндіру жұмысы басқа өңірлерде жалғасады.



Еліміз
кейінгі
жылдары
көлік
логистикасы
саласында ірі
көрсеткіштерге
жетті. Кейінгі
15 жылда
Қазақстан салаға
шамамен 35 млрд
доллар инвестиция салған.
Бүгінде елімізде жүк
тасымалдаудың негізгі түрі
– теміржол, автожолдар мен
су жолдары. Жүк тасымалының
көлемі айтарлықтай өскен.
Жалпы, көлік-логистикалық
инфрақұрылымды одан әрі дамыту
– еліміздің жаһандық нарықтағы
бәсекеге қабілеттілігін нығайтудың
және оның жаһандық экономикалық
процестерге интеграциясын арттырудың
негізгі факторы.

Еліміздің транзиттік-көліктік әлеуетін дамытудың негізгі көрсеткіштері «Қуатты өңірлер – ел дамуының драйвері» атты ұлттық жобадан ақталған. Теміржол және автомобиль жолдарының инфрақұрылымын салу, жылжымалы құрамды жаңарту, жүктерді контейнерлендіру, балама бағыттар мен халықаралық дәліздерді дамыту бойынша түрлі шаралар қолға алынған.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Жолдауында стратегиялық маңызы бар міндеттің бірі – көлік-логистика саласының

ТЕГІС ЖОЛ мен ЖҮЙТКІГЕН КӨЛІК

СЫР Өңірінде жол-көлік инфрақұрылымы
қарқынды дамып келеді

әлеуетін толық пайдалану екенін атап өтті.

«Қазір әлемде жаңа экономикалық кеңістік қалыптасып жатыр. Қытайдан Еуропаға, Ресейге, Орталық Азияға және осы аймақтардан Қытайға жіберілетін тауар көлемі айтарлықтай көбейеді деген болжам бар. Қазақстан солтүстік пен оңтүстікті, батыс пен шығысты байланыстыратын жаһандық жолайрықта орналасқан. Бұл біздің елімізге зор мүмкіндік беріп отыр. Сондықтан көлік-логистика саласы экономикамызды алға бастайтын басты күштің біріне айналуға тиіс» деді Президент.

Осы орайда Мемлекет басшысының қолдауымен бұл бағытта атқарылып

жатқан байыпты бастамалар жемісін беруде. Нәтижесінде мыңдаған шақырымға созылған автомагистральдар салынды. Елімізден ұшқан ұшақтар шартарапқа әуе жолдарын ашты. Теміржол желілері тартылып, мыңдаған шақырымға ұласты. Су жолдары да жаңғырды.

Ел ішіндегі аймақаралық коммуникацияны қамтамасыз ету мақсатында да тың жобалар жүзеге асуда. Нәтижесінде Қызылорда облысында жол-көлік саласы қарқынды дамып келеді. Өңірде әлі де тың жобалар жалғасын табуда. Бұл аймақ дамуына серпін беріп, Сыр өңірі қай жағынан да алда екенін көрсетеді.

3-бет

Қолжазба: Қуаныш Оразбаев

/// БРИФИНГ

ЕГІНДІ ӘРТАРАПТАНДЫРУҒА МӘН БЕРІЛГЕН

Биыл өңірде күріш көлемі өткен жылмен салыстырғанда 4,7 мың гектарға қысқарды. Бұл туралы облыстық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасының басшысы Талғат Дүйсебаев айтты.

Үкімет бекіткен жол картасына сәйкес 80,9 мың гектар жерге Сыр салысы егіліп, суға бастырылды. Қазіргі кезде соның 25,6 мың гектары түптен (31,6%), 47,8 мың гектары түтікке шығу (59,1%), 7,5 мың гектары масақтану (9,3%) кезеңінде. Күріш егісінің 60,8 мың гектары үстем көркектендірілсе, 65,3 мың гектары арамшөпке қарсы өңделді.

– Қысқартылған күріш егісінің орнына суды аз қажет ететін мал азығы, майлы дақылдар, картоп, көкөніс көлемі артты. Осылайша облыста егінді әртараптандыруға мән беріліп отыр. Биыл егілген ауыл шаруашылығы дақылдарын тұрақты суару үшін 3,9 млрд текше метр су лимиті белгіленген. Қазіргі жағдай бойынша «Шардара» су қоймасына жоғарыдан секундына 92,3 текше метр су түсіп жатыр. Қоймада 1,3 млрд текше метр көлемінде су бар. Сырдария өзенінің төменгі ағысына жіберілетіні – 380 текше метр (2024 жылы – 650 текше метр). Суармалы



Фото: Ашық дереккөзден

суды тиімді пайдалану мақсатында қашықтықтағы суды екінші мәрте пайдалануға ден қойдық. Облыста осы бағытта 238 насос жұмыс істеп тұр. Оның 25-ін Төтенше жағдайлар министрлігі қолдау ретінде жеткізіп берді, – деді басқарма басшысы.

Қазіргі күні егін шаруашылығына қажет су магистральды және шаруашылықаралық каналдар арқылы кезекпен беріліп жатыр.

Басқарма басшысы аграрлық салаға мемлекеттен қомақты қолдау барын атап өтті. Биыл осы бағытқа 31,3 млрд теңге, оның ішінде субсидиялауға 14,2 млрд теңге бөлінді. Оның басым бөлігі осы егін шаруашылығына берілген. Қолдаудың арқасында жыл басынан бері ауыл шаруашылығында 31,5 млрд теңгенің өнімі өндіріліп, өсім көрсеткіші 2,8%-ға артты. Негізгі қорға тартылған инвестиция көлемі де артып келеді.

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, көктемгі дала жұмысын қосымша қаржыландыруға байланысты облыстың ауыл шаруашылығы құрылымдарын несиелендіру мақсатында «Кен дала-2» бағдарламасы іске асырылуда. Бағдарлама шеңберінде биыл облыста 22,5 млрд теңге қаралды. Есепті кезеңде 78 шаруашылыққа 68255 гектар егістікті қаржыландыру үшін 13,7 млрд теңге берілді.

Назерке САНИЯЗОВА,
«Сыр бойы»

/// БАСПАСӨЗ ТУРЫ

АТАКӘСІП пен КӘСІПКЕРЛІК ӨРКЕНІ

Өткен аптада БАҚ өкілдерінің баспасөз туры Жалағаш ауданында жалғасып, атқарылған жұмыстармен таныстық.

«АУЫЛ АМАНАТЫНЫҢ» ИГІЛІГІ

Алдымен «Еңбек» ауылын бетке алдық. Кіргеннен көше бойына тәртіппен орналасқан үйлер, түзу егілген ағаштар, абаттандырылған ауыл орталығы бірден көзге түседі. Айта кетейік, ауылдағы «Еңбек-Жер» шаруашылығы осындай әлеуметтік-тұрмыстық бағыттағы жұмыстарға қолдау көрсетіп келеді.

Ауылдың негізгі тіршілік көзі – егін шаруашылығы. Заман талабына сай кәсіпкерлікпен айналысатындар қатары артып келеді. Оның бірі ауыл тұрғыны Разия Ағатаева «Ауыл аманаты» бағдарламасымен 4 млн 250 мың теңге жеңілдетілген несие алып, «Акерке тәттілері» жеке кондитерлік кәсіпорнын іске қосты. Жыл басынан бері тұрғындарға қызмет көрсетіп отыр.

Өзінің айтуынша, Разия жастайынан түрлі тәттілер әзірлеуді ұнататын. Алғашқы кезде газ, электр пеші жоқ, тәтті тоқаштарын даладағы пешке дайындап жүрді. Кейіннен оның әзірлеген торттары көпшіліктің көңілінен шығып, туған-туыс, көрші-көлемнен күн сайын тапсырыс түсетін. Осыны ойға ала келе, ол қызығушылығын кәсіпке айналдырды.

Қазір келіні Акеркемен екеуі ауыл тұрғындарынан тапсырыс қабылдап, тәттілер дайындайды. «Акерке тәттілері» қалада пісірілетін өнімдерден еш кем емес. Әсем безендірілген, дәмі тіл үйіреді. Бірақ бағасы арзан, өйткені ауыл халқына қолайлы. Кәсіп иесі алдағы уақытта өз өнімдерін аудан, облыс орталығына шығарып, жұмыс ауқымын ұлғайтуды жоспарлап отыр.

4-бет



/// ЕЛ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫНЫҢ 7 ТОМДЫҒЫ

Қазақстан тарихы бойынша жарық көретін жеті томдыққа Ресей, Қытай, Парсы, Еуропа архивтерінен табылған тың құжаттар мен деректер пайдаланылады. Бұл туралы Қазақпарат хабарлады.

Мемлекеттік кеңесші Ерлан Қариннің сөзінше, әзірленіп жатқан Қазақстан тарихы көптомдығының басты ерекшелігі әдістемелік тұрғысынан болмақ.

– Бұл көптомдыққа өркениеттік тұжырымдама қолданылады. Қазақстан тек ежелгі мемлекеттердің мекен еткен территориясы ғана емес, өзіндік тұтас өркениеттің ошағы мен даму орталығы ретінде де көрсетіледі. Біз осы уақытқа дейін «осындай территорияда осындай мемлекет болған екен» деген тұжырыммен ғана келдік және соны дәлелдеуге тырысатынбыз. Біздің ойымызша, бұл – дәлелсуді қажет етпейтін тұжырым. Қазақстан аумағында түрлі ежелгі мемлекеттер болғаны онсыз да белгілі, – деді Е.Карин.

ОЛИМПИАДАДАН 6 МЕДАЛЬ

Қазақпарат агенттігінің хабарлауынша, Аустралияда өткен мектеп оқушыларына арналған ең беделді пәндік олимпиадалардың бірі – Математикадан халықаралық олимпиадада қазақстандық оқушылар алты медаль жеңіп алды.

Биыл олимпиадаға 112 елден 650-ге жуық үздік жас математик қатысты. Қазақстан құрамасы тағы да үздіктер қатарынан көрініп, төрт күміс және екі қола медаль иеленді.

Ұлттық құраманың ғылыми жетекшілері – PhD докторы Асылбек Исахов пен халықаралық олимпиадалардың жеңімпазы Қанат Сатылханов.

Айта кетейік, IMO олимпиадасы 1959 жылдан бері өткізіліп келеді және ол әлемдегі ең беделді жеті пәндік олимпиаданың қатарына кіреді. Қазақстан бұл жарысқа 1993 жылдан бері қатысады. Осы уақыт ішінде ұлттық құрама 16 алтын, 55 күміс, 81 қола медаль және 29 құрмет грамотасын жеңіп алған.

1414-тің ЖҰМЫСЫН ЖИ ОРЫНДАЙДЫ

Қазақстанда жасанды интеллект 1414 байланыс орталығының жұмысында сынала бастады. Орталықтағы әрбір елуінші қоңырауды жасанды интеллект өңдейді, – деп хабарлайды Aikyn.kz Қазақпаратқа сілтеме жасап.

Жасанды интеллект көмегімен қызметтерді енгізу жақында елге келген жаңа суперкомпьютердің іске қосылуының арқасында мүмкін болды. ЖИ көмекшілері екі бағытта іске қосылып жатыр. Біріншісі – Egov Mobile мобильді қосымшасындағы көмек.

Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі вице-министрі Ростислав Коняшкиннің айтуынша, ЖИ көмекшісі несиеге шектеулер қою немесе анықтама алу сияқты негізгі қызметтерді атқара алады.

– Қазірдің өзінде әрбір елуінші қоңырау сол жерге жіберіледі. Кейбір қарапайым негізгі қызметтерді осы форматқа аударуға тырысамыз. Мемлекеттік қызметтер саласына ЖИ-ді ауқымды түрде енгізу әлеулі инфрақұрылымды қажет етті, – дейді ол.

Валюта бағамы: \$ 533,61 kzt

€ 621,07 kzt

₸ 6,78 kzt

Ауа райы: Сейсенбі ☀️ +40°

☾️ +23°

Сәрсенбі ☀️ +39°

☾️ +24°

ҚҰРЫЛЫС АЛАНДАРЫНДАҒЫ ЖҰМЫС ҚАРҚЫНДЫ



Аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаевтың тапсырмасына сәйкес, облыс әкімінің бірінші орынбасары Данияр Жаналинов, облыс әкімінің орынбасарлары Бахыт Жаханов, Қайрат Нұртай, аппарат басшысы Әділхан Мұхамедияров, қала әкімі Нұржан Ахатов «Таза Қазақстан» экологиялық бағдарламасының жүзеге асырылуымен, құрылыс нысандарындағы жұмыс барысымен танысты.

Алдымен «Қызылорда – Нан» ЖШС нан-тоқаш, кондитерлік және макарон өнімдерін өндіру кешенінің құрылысын көрді. Жоба 3 кезеңнен тұрады. I кезең – нан-тоқаш, кондитерлік және макарон өнімдерін өндіру, II кезең – ұн тарту комбинатын салу, III кезең – өсімдік майын өндіру.

Мемлекеттік қолдау шарасы ретінде 5 гектар жер телімі берілген. Су және кәріз жүйелерін жеткізу жұмыстарын қаржыландыру қолдау тауып, құрылысы басталды.

Сонымен қатар, технологиялық жабдықтарды импорттау кезінде келендік баж салудан босату үшін Инвестициялық келісімшарт жасалды.

Бүгінгі күні құрылыс жұмыстарының 80%-ы орындалды. Оған 30-дан астам адам жұмысқа тартылды, 10-нан астам техника жұмылдырылды.

Әрі қарай сол жағалаудағы жаңа стадион құрылысымен танысты. Қазіргі таңда футбол алаңын жабдықтау, ішкі әрлеу және аумақты абаттандыру жұмыстары жүргізілуде.

«Таза Қазақстан» экологиялық бағдарламасы аясында қайта жаңартудан өтіп жатқан Президент саябағының жұмысымен танысты. Мұнда халықтың сұранысына сай автокөлік тұрағы салынады, аумағы гүлзармен көмкеріледі. Парк ішінде 3 аллея, 3 бөліктен тұратын субұрқақ, амфитеатр, бетон-скейтпарк, 7 балалар ойын алаңы, 4 спорт алаңы, 4 workout аймағы, 4 фудкорт, шағын сәулеттік пішіндер және аттракциондар болады.

Сонымен қатар, «Тәуелсіздікке – 25 жыл» данғылы, Жаппасбай батыр көшесі, «Қызылорда-Құмкөл» автожолындағы көлік жолайрығын күрделі жөндеу жұмыстарын да көрді. Айта кетейік, Әбілқайыр хан көшесінен Саламатов көшесіне дейін 2,9 шақырым жаңа жол салу көзделген. Бұл бағытта да өзен бойындағы қорғаныс бөгеті күшейтіледі. Жобаға 5,3 млрд теңге бөлініп, құрылыс жұмыстарын «УАД» ЖШС қолға алған. Төрт жолақты автожолмен қатар, ені 3 метрлік жаяу жүргіншілер жолы салынады.

«Қызылорда-Құмкөл» автожолындағы көлік жолайрығында да күрделі жөндеу жұмыстары қарқын алған. Жобаның жалпы құны 1 млрд 435 млн теңгеден асады. Жөндеу жұмыстары 5,2 шақырымды қамтиды. Құрылыс-монтаж жұмыстарын «Қыран» серіктестігі жүзеге асыруда.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі

БРИФИНГ

ҚАРМАҚШЫ: МЕЖЕ МЕН МІНДЕТ ҮЙЛЕСІМІ

Қармақшы ауданының экономикалық дамуында оң серпін бар. Аудан бюджеті биылғы I жартыжылдықта 8,9 млрд теңгеге ұлғайды. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте Қармақшы ауданының әкімі Жандос Еркінбек айтты.

Жыл басында аудан бюджеті 12 млрд 176 млн теңге көлемінде бекітілді. Бірінші жартыжылдықта екі мәрте нақтылау жүргізіліп, нәтижесінде 21 млрд 115 млн теңгеге жеткен. Ал ауданның өз кірістері биыл 2 млрд 283 млн теңге болып бекітіліп, 6 ай қорытындысымен 411,8 млн теңгеге ұлғайған. Бұл – аудан үшін үлкен көрсеткіш.

Макроэкономикалық көрсеткіштердің барлығында оң өзгерістер қалыптасып отыр. Атап айтар болсақ, өнеркәсіп өнімі 118,7, өңдеу өнеркәсібі 118,6, ауыл шаруашылығы өнімі 101,8, негізгі қорға салынған инвестиция 103,1, құрылыс жұмыстары 109,1, тұрғын үйді пайдалануға беру 119, бөлшек сауда көлемі 102,3 пайыз.

Жалпы ауданымызда әлеуметтік-экономикалық өсім, инфрақұрылымды жаңғырту, ауыл шаруашылығы, білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет және спорт салаларында жүйелі жұмыстар жүзеге асырылуда. Сонымен қатар, тұрғындардың өмір сүру сапасын арттыруға бағытталған бірқатар маңызды жоба іске асырылып, жергілікті халықтың әлауқатын жақсартуға айрықша мән берілуде, – дейді аудан әкімі.

Қармақшы – ауыл шаруашылығы саласына бейімделген аудандардың бірі. Сондықтан макроэкономикалық көрсеткіштерінің басым бөлігі ауыл шаруашылығы саласындағы жетістіктерге байланысты. Биыл ауданда 25654 гектар егін егілді. Негізгі дақыл – күріштің көлемі 13097, жаздық бидай 1000, мақсары 1200, күнбағыс 2, жоңышқа 8950, сүрлем жүгері 39, картоп, көкөніс, бақша дақылдары 1180 гектар.

Алқаптарды сумен қамту мәселесі де ретімен шешімін табуда. Биыл ауданның су лимиті 509 млн текше метр болса, бүгінге



дейін 329 млн текше метр су егістікке алынып, лимиттің 65 пайызы пайдаланылды.

Егінді қажетті сумен қамтамасыз ету және жайылымдық жерді суландыру мақсатында биыл республикалық бюджеттен 27 млн теңге қаржы қаралып, «Қуандария» ауылдық округі аумағындағы «Танатар» каналы тазалануда. Бұл жұмыстар қыркүйек айында аяқталады. Десе де, су деңгейі былтырғыға қарағанда аз. Су тапшылығының алдын алуда кезектілік кестесі жасалып бекітілген, – дейді Жандос Еркінбек.

Экономиканың алға жетелеуші күші кәсіпкерлік екені белгілі. Қармақшыда бұл сала қарқынды дамуда. Бүгінде тіркелген кәсіпкерлік субъектінің саны 3205-ке жетті. Оның 3051-і белсенді жұмыс істеп тұр. Жыл басынан бері мемлекеттік қаржылай қолдау бағдарламалары арқылы 772,3 млн теңгеге 33 жоба несиедендірілді. Атап айтқанда, «Бірыңғай кешенді бағдарлама» шеңберінде екінші деңгейлі банктер арқылы сауда саласындағы 4 жобаға 95 млн теңге несие

берілсе, «Аграрлық несие корпорациясы» арқылы жүзеге асырылатын «Агробизнес» бағдарламасы бойынша мал шаруашылығына бағытталған 9 жобаға 571,1 млн теңге, «Ауыл аманаты» бағдарламасы аясында «Байқоңыр» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы арқылы 20 жобаға 106,2 млн теңге қаржы бөлінді.

Сонымен қатар, жаңа бизнес-идеяларды жүзеге асыру мақсатында, өз кәсібін бастауға ниетті әлеуметтік осал топқа жататын 48 азаматқа (оның ішінде Байқоңыр қаласынан 11, Қармақшы ауданынан 37 адам) жалпы көлемі 75,5 млн теңге болатын қайтарымсыз грант беруге комиссия оң шешім қабылдады.

Бұл көрсеткіштер – Қармақшы ауданында кәсіпкерлік саласының жаңа деңгейге көтерілгенінің айқын дәлелі.

Газдандыру мәселесі де кезең-кезеңімен шешіліп келеді. Қазіргі таңда Дүр Оңғар ауылына газ тартылууда. Оған өткен жылы облыстық бюджеттен 1,7 млрд теңге қаржы бөлінсе, биыл шілде айында Ұлттық қордан 5,2 млрд теңге қаралып, мердігермен қосымша келісімшарт жасалуда. Жоба аясында 86,9 шақырым газ құбыры және 3 газ реттегіш шкафты пункт орнатылады.

Сонымен қатар, «Ііркөл» және Төрөбай би ауылдарына газ тартуға жоба-сметалық құжаттар әзірленіп, облыстық бюджеттен 643,4 млн теңге қаржы қаралып, мемлекеттік сатып алу жұмыстары жүргізілуде. Бүгінде аудан халқының 78 пайызы табиғи газдың игілігін көруде.

Жалпы ауданның қай саласын алсаңыз да, оң өзгерістер анық байқалады. Бұл – мемлекет тарапынан көрсетіліп жатқан жүйелі қолдаудың, жергілікті биліктің үйлесімді жұмысының нәтижесі. Инфрақұрылым, мәдениет, білім, денсаулық, спорт салалары да өрлеу жолына түскен. Алдағы уақытта бұл ірі бастамалар жалғасын тауып, аудан экономикасы мен тұрғындардың әлауқаты одан әрі жақсара түсері сөзсіз.

Мейрамгүл ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ, «Сыр бойы»

ДЕПУТАТ МІНБЕРІ

БАСТЫ МАҚСАТ – ЕЛДІҢ МҰҢ-МҰҚТАЖЫН ЖЕТКІЗУ

«Аманат» партиясының облыстық мәслихаттағы фракция мүшесі Алмас Рахметов ауылдағы түйткілдердің шешімін табуға, қолдауға әркез дайын. Халық қалаулысы әлеуметтік маңызды мәселелерді көпшіліктің үніне құлақ аса отырып шешкен жөн деп санайды. Облыстық мәслихат депутатымен газет тілшісінің сұхбатында олардың бірқатары туралы әңгіме өрбиді.



– Алмас Алтынбекұлы, депутат болудың өзіндік жауапкершілігі бар. Басты мақсат – елдің мұң-мұқтажын тиісті жерге жеткізу, шешімін табу. Елдің көкейіндегі мәселесін шешуге ықпал етіп, алғысын алу үлкен жетістік емес пе?

– Менің ұстанымым да осы. Тұрғындармен етене араласып, мәселелерін көтеріп, тиімді шешілуіне үлес қосу және халықпен тікелей ашық байланыс орнату – басты міндеттің бірі. Мен экология, жер, ауыл шаруашылығы мәселелері жөніндегі және партиялық бақылау комиссиясының мүшесімін. Осы төрт комиссияның өзінде қаншама мәселе көтеріледі, қаралады. Мәселен, жерге қатысты отырыс кезінде жер кімге, қандай мекемеге бөлініп жатқаны талқыланады. Дұрыс болған жағдайда ғана шешім шығарылады. Оның ішінде кәсіпкерлер жер сұрап келеді, оған беруге бола ма, жоқ па, оны да саралаймыз. Заңға сәйкестігін тексереміз. Ауыл шаруашылығы саласына қатысты, су, жер сынды мәселелер қаралады. Оларға партия тарапынан қандай көмек барын айтып, сұрақ туындаса жауап береміз. Партиялық бақылау комиссиясы салынып жатқан жаңа құрылыс нысандарының талапқа сәйкестігін бақылайды. Құрылыс материалдарының сапасы тексеріледі. Олқылықтар орын алып жатса, түзетіледі. Жалпы бұл бағыттағы жұмыстар жүйелі атқарылып келеді.

– Халықпен тығыз байланыста болғандықтан сізге елдің тыныс-тіршілігі жақсы таныс екені белгілі. Аудан, ауылдарда қаншалықты жекі болып тұрса?

– Барлық ауданды аралап, ел ішінде қандай мәселелер бар екенін анықтап, тиісті жерге жеткізіп, шешілуіне ықпал етеміз. Жаңадан салынып жатқан құрылыс нысандарында болып, сапасын, жұмыс барысын көреміз. Қазір аудан, ауылдардың өзінде көптеген әлеуметтік нысан бой көтеруде. Солардың уақыты бөлінуі, қаражатын, талапқа сай салынуын, бәрін де көзімізбен көріп, танысып шығамыз. Мысалы, жаңа мектеп берілсе, онда оқушылар үшін барлық жағдай жасалғанына көз жеткіземіз. Құрылыс келіскен мекеден кешігіп жатса, себебін анықтап, жергілікті әкімдікпен бірлесіп жұмыс атқарамыз. Мәдениет, білім ошақтарында тұрғындармен кездесіп, көкейлерінде жүрген сұрақтарына жауап береміз. Жастардың ойын тындаймыз. Олардың талап-тілектері ескеріледі.

– Ауыл тұрғындары көбіне қандай мәселен кезді?

– Әр депутаттың бір жылдық кестесі бар. Соған сәйкес қала, аудан, ауыл халқымен кездесу белгіленген. Жақында Тасбөгет кентінің тұрғындарымен кездестік. Негізгі көтерген мәселе, жаңадан емхана салып беруді сұрады. Осы мәселені «Аманат» партиясы көтеріп, қазіргі таңда қаражаты бөлінді. Мұнда халық саны артқан, емханасы ескі ғимаратта орналасқан. Сол себепті тұрғындардың мәселесі назарға алынды. Бүгінде жаңа ғимарат салуға жер беріліп, тиісті жұмыстар атқарылууда. Бұдан бөлек, көшіні жарықтандыру мәселесі де қозғалып, шешімін табатын болды.

Аяқсу мен ауызсуға қатысты біз тиісті мекемемен сөйлестік. Олар ауызсуудың жеткілікті мөлшерде жіберіліп отырғанын жеткізді. Алайда жасыратыны жоқ, жазда тұрғындар ауызсумен бау-бақша суаралды. Сондықтан судың қысымы түсіп кетеді. Осыған байланысты арнайы комиссия құрылып, үй-үйді аралап, тексеруде. Енді ауызсуды мақсатсыз пайдаланса, айыппұл салынады.

Одан кейін «Қарауылтөбе» ауылының тұрғындарымен кездестік. Ауылда амбулатория шағын әрі тұрғындарға медициналық көмек көрсетуге қолайсыз екен. Арнайы барып көрдік, талапқа сәйкес еместігі анықталды. Жаңа амбулатория салынады деп шешілді. Енді жер мен қаржы жағы қарастырылуда. Мұнда да ауызсу мәселесі көтерілді.

Ал су саласының мамандары ауылға ауызсуудың белгіленген мөлшері толық жіберілгенін айтты. Тексеру жұмыстарын бастапты, нәтижесінде бау-бақшасын суарғандардың алды айыппұл арқалады.

– Көпшілікпен жұмыс жасау оңай емес. Дегенмен қазір ауыл тіршілігі жанданған. Оны байқап жүрміз. Осы тұрғыда не айта аласыз?

– Расында ел ішіндеміз ғой. Қала іргесіндегі ауылдардың да тыныс-тіршілігімен жақсы таныспыз. Бір мысал айтайын, осыдан 10 шақты жыл бұрын «Қарауылтөбе» ауылында болды. Санаулы үй. Жол жоқ, шаны көтеріліп жататын. Жақында жол түсіп, сондағы ауыл тұрғындарымен кездесу ұйымдастырылды. Елдің талап-тілегін тындап қайттық. Байқағаным, баяғы көз алдымдағы көріністің ізі де қалмаған. Жаңа үйлер салынған. Тіпті екі қабатты зәулім үйлерді де кездестіруге болады. Ауыл екі есе үлкейген. Әлеуметтік нысандар бой көтерген, халықтың тұрмысы түзелген. Көш ілгері жылжыған. Іштей қуанып қалдым. Шүкір ғой, кейінгі кездері ауылдарға да «көгілдір отын» жетіп, халық құл шығару машақатынан құтылды. Ауызсу, аяқсу да шешімін тапқан. Жолдары тегіс, асфальтталған. Жарықтандыру, абаттандыру жұмыстары қолға алынған. Қоғамдық көлік мәселесі шешілген. Халықтың әл-ауқатын көтеру үшін тиімді жобалар да жүзеге асырылып келеді. Әсіресе, елді мекендерде шағын және орта кәсіпкерлік жақсы дамыған. Егін, мал, құс шаруашылығы, ағарған өнімдері мен тігін, ағаш цехы, тәтті пісіретін тұрғындар кәсіптің көкейінегін кеңейтті. Тұрмысы жақсарған ауыл адамдары заман ағымына ілесіп келеді. Осыған сәйкес олардың да сұранысы өзгерген. Бұрындары көбіне айлықтың уақытылы берілуін, әлеуметтік жағдайды қозғайтын. Қазір кездесулерде көбіне, спорттық алаң салып беруді, мәдениет үйін, жастар орталығы, заманауи медициналық қызмет көрсету орталығын ашып беру мәселесін көтереді.

Облыс әкімінің қолдауының арқасында тың жобалар жүзеге асуда. Өңірдің әлеуметтік мәселелері мен экономикасын көтеру мақсатында тынымсыз еңбектенуде. Қарап отырсақ, бюджеттің өзі үш жылда еселеп өсті. Нәтижесінде құрылыс қарқын алды. Мұның бәрі де ел игілігі үшін. Жолдың өзінде қанша еңбек жатты. Қаланың сырт аумағына шығатын және ірі даңғылдар екі жолақтан төрт жолаққа кеңейтілді. Шет аймақтардағы жолдар да жөндеуде. Өздеріңіз күнделікті көріп, естіп жүргендей аймақтың әлеуеті артып, күннен-күнге өркен жаюда.

– Шешімін таппай тұрған түйінді тарапту кезең-кезеңімен жүзеге асырылып жатқаны да байқалады...

– Иә, көптің мәселесін шешуде табандылық керек. Халық қалаулысы әлеуметпен де, билікпен де жақсы байланыста болған жөн. Сонда мәселе тез шешімін табады. Әрине, қай ауылға, елді мекенге барсақ та алдымен тұрғындармен кездесеміз, тындаймыз. Ауылда не жоқ, не керек екенін айтады. Біздің негізгі жұмысымыз осы. Көтерілген мәселені тиісті жерге жеткізіп, шешілуіне атсалысамыз. Бәрі де кезең-кезеңімен жүзеге асырылууда.

– Алдағы жұмыс жоспарыңызды бісек...

– Елге қызмет ету – баршамызға міндет. Біркісдей жұмыла әрекет етіп келеміз. Біздің атқарып жатқан жұмыстарымыз, көтеріп жүрген мәселелер мен алдағы жоспарлардың бәрі де ел игілігіне бағытталған. Сол үшін тұрғындармен барынша байланыс орнатып, жұртшылықтың талап-тілектерін тындап, шешімін табуға күш салудамыз. Алдағы уақытта да туған жерге қызмет етуден шаршамаймын.

– Біздің білуімізше, тұрғындарға әлеуметтік қолдау көрсетесіз. Осы бағыттағы жұмыстарыңызға тоқтатсаңыз...

– Бәріміз ауылда өстік. Жоқшылықтың не екенін көрдік. Қазір заман өзгерді. Дегенмен тұрмысы төмен, табысы аз отбасылар бар. Бір ғана мысал айтайын, қабайдауға ерлі-зайыптылар келді. Әйелінің көзі дұрыс көрмейді екен. Ер адам қарапайым электрік, балалары бар. Әлеуметтік жағдайлары төмен отбасы болғандықтан, денсаулық сақтау басқармасына хат жазып квота беруін сұрадым. Алматы қаласындағы көз институтында ота жасайтын болады. Үлкен кісілерден бөлек балаларға да қолдау білдіріп отырамын. Бұл менің азаматтық борышым деп санаймын. Сондықтан оны жария етуді жөн көрмеймін.

– Уақыт бөліп, сұхбат бергеніңізге көп рахмет. Алдағы жұмысыңызға табыс тілейміз!

Әңгімелескен Сара АДАЙБАСЕВА, «Сыр бойы»

ӘДІЛДІК ПЕН ҚАУІПСІЗ ЕҢБЕК ЖАҒДАЙЫ ӘРДАЙЫМ НАЗАРДА

Жуырда Астанада Қазақстан кәсіподақтар федерациясының XXVII съезі өтті. Оған қатысқан қызылордалық делегация құрамында әртүрлі саланың кәсіподақ бөлесенділері, бастауыш кәсіподақ ұйымдары мен жастар кеңесінің өкілдері бар. Кеше өңірлік коммуникациялар қызметінде делегаттар қатарынан аумақтық кәсіподақ бірлестігінің төрағасы Максұт Нәлібаев, «ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз» АҚ жергілікті кәсіподағының төрағасы Бақытжан Мұқашева және «Келешек» жастар кеңесінің төрағасы Айдын Әшірбекова съезд қорытындысы туралы брифинг берді.

Спикерлер БАҚ өкілдерін кәсіподақ қозғалысының 2030 жылға дейінгі даму стратегиясымен таныстырды. Құжатта Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ұсынған реформаларға, оның ішінде «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» қағидатын жүзеге асырудағы кәсіподақ рөліне көңіл бөлінген.

– Бұл съезд – есеп беру немесе кадрлық шешім қабылдау шарасы ғана емес, сонымен қатар Қазақстан кәсіподақтарының даму бағытын белгілейтін, еңбек адамының құқығы мен мүддесін қорғауға арналған жаңа тарихи

кезеңнің бастауы. Біз Мемлекет басшысының 2025 жылды «Жұмысшы мамандықтар жылы» ретінде жариялау бастамасын құптаймыз, мұны жұмысшы мәртебесі мен беделін арттыруға, еңбекқорлық пен кәсіпқойлық идеяларын ілгерілетудегі маңызды қадам санаймыз. Құжатта сондай-ақ «Таза Қазақстан» стратегиясының мәні, әртүрлі салаларда экологиялық мәдениетті қалыптастыруға бағытталған идеяларды іске асыру мәселесі қамтылған. Съезде ашық дауыс беру нәтижесінде Сатыбалды Дәулеталин бес жыл

мерзімге федерация төрағасы болып қайта сайланды, – деді Максұт Нәлібаев.

Өңірлік кәсіподақтар бірлестігі бүгінде 12 салалық ұйым арқылы 97 мыңнан астам адамды біріктіріп отыр. Кейінгі жылдары еңбек қатынасының тұрақтылығын қамтамасыз ету бағытында айтарлықтай нәтиже байқалады. Әлеуметтік әріптестік аясында 52 меморандумға қол қойылып, 130-дан астам ұжымдық шарт жасалған. Жалпы саны 5923 ұжымдық шарт жасалған, бұл – аймақтағы кәсіпорындардың 67,7 пайызы. Сонымен қатар жұмысшылар үшін бірқатар қосымша әлеуметтік кепілдіктер енгізілді.

– Біз еңбек адамын қорғау, әділдік пен қауіпсіз еңбек жағдайын қамтамасыз ету жолында нақты іс-шараларды қолға алуға дайынбыз, – деді бірлестік төрағасы.

«СБ» ақпарат

ТЕГІС ЖОЛ мен ЖҮЙТКІГЕН КӨЛІК

Сыр өңірінде жол-көлік инфрақұрылымы қарқынды дамып келеді



Фото: Нұрболат Нұржаубай

КӨКЖИЕКТІ КЕҢЕЙТКЕН АВТОЖОЛДАР

Көлік жолдарының жағдайы өңірдің әлеуметтік-экономикалық көрсеткішін бағамдайды. Облыста автомобиль жолдары саласы бойынша қарқынды даму байқалады. Мұны атқарылып жатқан жұмыстарға қарап айтуға болады. Қайда барсақ та, алдымен оған апарар жолға баға беретініміз белгілі.

Облыс аумағында жергілікті маңызы бар автомобиль жолдарының жалпы ұзындығы 3545 шақырым, оның 1024-і республикалық, 555-і облыстық, 1965,5 шақырымы аудандық маңызы бар жол.

Биыл жол инфрақұрылымын дамытуға республикалық, облыстық және аудандық бюджеттен 42,1 млрд теңге қаралып, ұзындығы 330 шақырым жол, көше мен көпір өткелдері жөнделді. Қаладағы әуежайға кіреберіс жолы мен Шіркейлі, Сыздық, Жанадария каналдарындағы көпірлер жаңғыртылды. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте облыстық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының басшысы Жәнібек Сыздықов кеңінен айтып берген болатын.

Ал қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің мәліметінше, қала және шет аймақтағы көшелер де күрделі жөнделуен өтіп, қайта жаңғыруда. Шаһардың басты көшелері кеңейтіліп, таксидай тегіс жолға айналды. Мәселен, ескі базар аумағындағы Әйтеке би, И.Тоқтыбаев, Училишная көшелеріне, И.Журба тұйығына жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Жоба толық аяқтаса, ескі базар аумағындағы көлік кептелісі мәселесі шешімін табады. Сондай-ақ Бейбарыс сұлтан көшесі мен Жаппасбай батыр көшесінің қиылысындағы көлік жолайрығына күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін мемлекеттік сатып алу конкурсы жарияланды. Нәтижесінде «Қыран» ЖШС-мен келісімшарт жасалып, құрылыс басталды. Қаланың шет аймақтарындағы 11 көшеге күрделі жөндеу жүргізілуде. Бұдан бөлек, 49 шақырым болатын 77 көшеге күрделі және 16 көшеге орташа жөндеу жұмыстарының жобасы әзірленіп, қаржыға өтінім ұсынылды. Сондай-ақ қаланың солтүстік бөлігінен кіреберіс саналатын Сағымбаев көшесін 4 жолақты етіп кеңейту жоспарлануда.

Байыпты бастамалардың бірі – Тәуелсіздікке 25 жыл даңғылының кеңейтілуі. Құрылыс былтыр қыркүйек айында басталған. Жауапты мердігер – «УАД» ЖШС. Даңғыл Бейбарыс сұлтан көшесінен Әбілқайыр хан көшесіне дейінгі аумақ, ұзындығы 6,7 шақырым. Бұрын екі жолақты болса, қазір төрт жолақты. Сондай-ақ жол бойында 8 спорт алаңы бар. Жаяу жүргіншілер жолы мен бағдарламалар да заман талабына сай. Құрылыс уақытылы әрі сапалы жүргізілді. Нәтижесінде мұнда көлік ағынына еш кедергі жоқ. Қазір даңғылды одан әрі кеңейту жұмыстары қолға алынды. Әбілқайыр хан көшесінен Саламатов көшесіне дейін Сырдария бөгеті бойымен жол салынуда.

Құрылыс қойылатын басты талап – сапа. Сол себепті «Жол активтері сапа орталығының» қызметіне 141 млн теңге бағытталып, сараптама жүргізу үшін толықтай қамтылып отыр. Былтыр облыстық және аудандық маңызы бар автомобиль жолдарының жақсы және қанағаттанарлық индикаторлық көрсеткішінің үлесі 92,5 пайыз болды. Биыл бұл көрсеткішті 95 пайызға жеткізу көзделген. Аймақтағы республикалық маңызы бар автомобиль жолдарын дамытуға жұмыстар жүйелі жалғасуда. Мәселен, 424 шақырымдық республикалық маңызы бар «Қызылорда-Жезказған» автомобиль жолының облыстағы 216 шақырымы қайта жаңғырылуда. Құрылыс-монтаж жұ-

мыстары 6 лотқа бөлінген. Жоба құны 108,5 млрд теңге, жұмысқа 5 мердігер мекеме тартылды. Былтыр жол құрылысы 80 пайызға орындалып, 153 шақырым асфальт төселсе, биыл 100 пайыз аяқталмақ.

Мемлекет басшысының және Үкіметтің ерекше қолдауымен республикалық маңызы бар М-32 «Самара-Шымкент» 1806-1337 шақырым автомобиль жолының Қызылорда қаласынан Сексеуіл кентіне дейінгі аралықты ІІ техникалық санаттан І техникалық санатқа ауыстыру жобасы қолға алынған болатын.

Бүгінгі күні аталған жобаның техника-экономикалық негіздемесі әзірленуде. Жоба «ҚазАвтоЖол» ұлттық компаниясы» АҚ тапсырысы негізінде жүзеге асуда. Сүйемелдеу жұмыстарын облыстық филиалы жүргізеді. Техника-экономикалық негіздеме 2 уақысеге бөлінді. Бірінші уақысеге қаланың айналма жолын салуға ТЭН әзірленіп, мемлекеттік сараптаманың оң қорытындысы алынды. Жоба құны – 46,3 млрд теңге. Қазір «Ислам даму банкінен» қаражат көзін тарту жұмыстары жүргізіліп, бірқатар келісімге қол қойылды. Екінші уақысеге 464 шақырымның ТЭН-і мемлекеттік сараптаманың қарауында. Жыл соңына дейін халықаралық қаржы институттарымен келіссөздер жүргізіліп, қаржыландыру көзі қарастырылады.

ЖОЛАУШЫЛАР АҒЫНЫ АРТЫП КЕЛЕДІ

Биыл облыстағы 212 елді мекенді аудан және облыс орталығымен байланыстыратын 202 автобус маршрутты ұйымдастырылған. Оның 71-і ауданаралық, 99-ы аудандық, 32-сі қалаішілік және қала маңына маршрут қатынайды. Сонымен қатар Ташкент қаласына 1 халықаралық және Астана, Алматы, Шымкент, Жезказған, Түркістан, Сарыағаш, Ақтөбе, тағы басқа қалаларға облысаралық 13 автобус уақытылы жүреді. Маршруттарда 30-дан астам заңды және жеке тұлға әртүрлі сыйымдылықтағы 1069 автобуспен жолаушы тасымалдау қызметін көрсетеді. Биыл қантар-мамыр айларында 17,8 млн жолаушы тасымалданып, өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 25,8 пайызға өскен. Ауданаралық әлеуметтік маңызы бар 4 маршрут бойынша 5,4 млн теңге игерілді.

Қала мен аудан орталықтарындағы 2 автовокзал және 8 автостанса ауданаралық маршруттар арқылы халыққа қызмет көрсетуде.

Былтыр Сырдария өзенінің сол жағалауына жаңадан автовокзал салынып, ел игілігіне берілген болатын. Сапаржай «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» халықаралық күрежолына жақын орналасқандықтан, автобустар қала ішіне кірмейді. Тиімді тусы да осы. Бүгінде қаншама жолаушы автовокзал арқылы дінтеген жеріне жетуде.

Ғимарат заман талабына сай. Айналасы абаттандырылып, жолаушылар үшін барлық жағдай қарастырылған. Нысан екі қабатты. Бірінші қабатта күтушілер залы, касса, ана мен бала бөлмесі, жүк сақтау камералары, лифт болса, екінші қабатында медициналық қызмет көрсету, жүргізушілердің тынығу бөлмесі мен асхана бар.

Мүмкіндігі шектелуі азаматтарға да жағдай тасымал. Автобустар мен жолаушы тасымалы, қызметі жайында «Автобус паркі» ЖШС директорының автовокзал бойынша орынбасары Жансұлтан Елшекенов айтып берді.

– Автовокзалдан күніне «Қызылорда-Ташкент» халықаралық рейсі, облысаралық Астана, Қарағанды, Жезказған, Алматы, Әйтей, Сарыағаш бағыттарына автобустар қатынайды.

Сондай-ақ ауданаралық бағыт бойынша Арал, Қазалы, Бекарыстан би, Төретам, Жосалыға күнделікті маршрут жүреді. Нысан тәулігіне 200 жолаушыны қабылдайды. Автобустар соңғы үлгіде жабдықталған. Рейстер

көбіне түстен кейін ұйымдастырылған. Билет бағасы тиімді. Ташкентке бару үшін билет құны 4500 теңге, себебі, жолаушыларды үйрету үшін ең төменгі тарифті ұсынып отырымыз. Келушілерге 7 қасиір қызмет көрсетеді. Сұраныс артса, санын көбейтуге мүмкіндік бар. Билет онлайн да, касса арқылы да сатылады. Бұдан бөлек, теміржол вокзалынан да қосымша пункт аштық. Себебі, пойыздан түскен жолаушылар сол жерден автобустарға отырады. Тағы бір жаңалық «Қызылорда-Ақтөбе» рейсі ашылды, – дейді ол.

Қазір автовокзалда 15 адам еңбек етеді. Ғимарат пен аумағының қауіпсіздігіне «Ер-Нұр» ЖШС жауапты. Қоғамдық көлік мәселесі де шешімін тапқан. Мұнда 25, 16 нөмірлі маршруттар қатынайды. Сондай-ақ эко-такси қызмет көрсетеді.

– Адамдар енді үйренісіп келеді. Бастапқыда шет аймақта орналасқанын алға тартатын. Маршруттар уақытылы жүргеннен кейін келе бастады.

Арнайы байланыс телефондарына күндіз-түні хабарласады, қызмет сапасы жақсарды. Билеттер 3-4 күн бұрын өтіп кетуде. Астана, Алматы бағытына жатын орны бар автобустар шығалды.

Бұл халық үшін өте тиімді. Әсіресе, үлкен кісілер мен балаларға, аналарға ыңғайлы. Алдағы уақытта жолаушылар саны артып жатса, жеке кәсіпкерлермен келісіп, билеттің онлайн алған. Бағасы мен автобус қызметіне көңілі толатынын жеткізді.

Сондай-ақ басқа облыстық тасымалдаушылар «Салтанат» автовокзалынан облысаралық Шымкент, Түркістан және ауданаралық Шиелі, Жанақорған маршруттары тұрақты жүреді. Ал ескі базар аумағынан Жалағаш ауданына және ауылдарына арнайы автобустар шығалды.

Жолаушылар мен жүк тасымалын ұлғайту мақсатында салынған автовокзал бүгінде алыс пен жақыды байланыстырған алтын көпірге айналды.

ӘУЕ ҚАҚПАСЫ: ЖАҢА ТЕРМИНАЛ

Қызылорда халқы көптен күткен әуежайдың жаңа терминалы өткен жылы іске қосылды. Заманауи ғимарат жылына 2 миллион жолаушыға қызмет көрсете алады.

Нысанның ашылуына Мемлекет басшысының тапсырмасымен Үкімет басшысы Олжас Бектенов арнайы қатысты.

Сырдың әуе қақпасы ерекше архитектуралық үлгіде салынған. Аумағы – 7500 шаршы метр. Ғимаратта жолаушыларға барлық жағдай жасалған. Жаңа терминалды іске қосу әуе аялағының өткізу мүмкіндігін 7 есеге – жылына 300 мыңнан 2 млн жолаушыға дейін арттырды. Жаңартылған терминал Халықаралық әуе көлігі қауымдастығының (IATA) және Халықаралық азаматтық авиация ұйымының (ICAO) жоғары стандарттарына сәйкес келеді.

«Қорқыт ата әуежайының» жаңа терминалы – өңір үшін ғана емес, бүкіл Қазақстан үшін маңызды инфрақұрылымдық жоба. Оны іске асыру қаншама әуе бағыттарын, оның ішінде халықаралық бағыттарды ашуға, транзиттік әлеуетті, жолаушылар мен жүк ағынын ұлғайтуға мүмкіндік береді, бұл ішкі туризммен, сауданың және тұтастай экономиканың дамуына оң әсер етеді.

Жаңа терминал телескопиялық баспалдақтар, кол жүгін тексерудің автоматтандырылған жүйесі және басқа да озық технологиялармен жабдықталған. Жобаны іске асыруға «Болат Өтемұратов қоры» әлеуметтік жауап-

кершілік шеңберінде инвестиция салды. Жергілікті бюджеттен инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымға, автожол салуға, әуежай аумағын абаттандыруға және жарықтандыруға 4,3 млрд теңгеден астам қаражат бөлінді. Бастысы, жолаушылар сапалы қызметке дән риза.

Бүгінгі күні әуежайдың жаңа жолаушылар терминалы арқылы аптасына 37 рейс орындалуда. Оның ішінде Астана қаласына 22, Алматы 14, Анталья қаласына 1 рейс ұйымдастырылған. Бұл рейстерді «AirAstana», «Fly Arystan» және «Qazaq Air» әуе компаниялары жүзеге асыруда. Биыл қантар-маусым айларында әуежайдан 97,8 мың жолаушы жөнелтілді. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 17,4 пайызға артқан.

ЖАҢАРҒАН ВОКЗАЛДАР КЕЛБЕТІ

Облыстан өтетін магистральды теміржол желісінің жалпы ұзындығы 1051,7 шақырым, 8 теміржол вокзалы, 2 қызмет көрсету пункті бар, 14 жұп жолаушы пойызы өтеді. Қызылордадан Петропавловск, Павлодар, Көкшетау, Семей және Түркістан қалаларына 5 жұп жолаушы пойызы ұйымдастырылған.

Әлеуметтік маңызы бар «Қызылорда-Бесарық-Түркістан» жолаушылар пойызы облыстың оңтүстік бағытында 26 елді мекенді көлік қызметімен қамтиды. Биыл қантар-мамыр айларында 8,7 мың жолаушы тасымалданып, 80,4 млн теңге субсидия игерілді.

Мемлекет басшысының «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Жолдауын іске асыру мақсатында Үкімет авиация және теміржол саласының инфрақұрылымын жаңғыртуда. 2023 жылы «Қазақстан Темір Жолы» ҰК» АҚ және жергілікті кәсіпкерлердің демеушілігімен Қызылорда теміржол вокзалы мен аумағы күрделі жөнделуен өтіп, абаттандырылды. Көлік министрлігі, «Қазақстан Темір Жолы» ҰК» АҚ қолдауымен Жанақорған, Шиелі, Жосалы, Төретам, Қазалы, Арал, Сексеуіл станцияларындағы 7 теміржол вокзалы, сондай-ақ Жалағаш пен Терөзектегі кезекте көрсету пункттері, «Талап» бекетіндегі жолаушылар платформасы күрделі жөнделуен өтеді. Аталған жобаларды жүзеге асыруға 4 мердігер мекеме бекітілді. Қазіргі таңда жөндеу жұмыстары бастау алып, ішкі демотаж жұмыстары жүргізілуде. Сондай-ақ 2 қызмет көрсету пунктін кеңейту немесе заман талабына сай жаңа ғимарат салу мәселесі қарастырылуда.

Қызылорда қаласындағы теміржол вокзалын қайта жаңғыртуға 873 млн теңге қаржы бөлінді. Нәтижесінде бір ғасырдан астам тарихы бар ерекше архитектуралық нысан жаңа кейіпке енді. Мердігер мекеме «Береуғир» ЖШС вокзалдың әкімшілік ғимаратына жөндеу жұмыстарын жүргізді. Қызылорда қаласының әкімдігі екінші перронға және автотұраққа 3700 шаршы метр асфальт төседі. Сонымен қатар, 1500 шаршы метр аумаққа құм аралас тас төселіп, асфальтталды.

Қазір теміржол вокзалының аумағы адам танымастай өзгерді. Жан-жағында орналасқан ашық сауда орындары да заман талабына сай дүкендерге айналды. Халыққа қызмет көрсету қандаша маңызды, себебі бұл – елдің дамуы мен халықтың әл-ауқатының кепілі. Сондай-ақ сапалы және қолжетімді қызмет қоғамның мемлекетке деген сенімін арттырып, тұрақтылық пен өркендеуге жол ашады.

Сондай-ақ өңірде вагон жөндеу, құрастыру сынды ірі жоба жүзеге асуда. Ол – «Жолаушылар вагондарын жөндеу, техникалық қызмет көрсету кешені және вагон құрастыру зауыты» жобасы. Инвестициялық жобаның құрылтайшысы «Марал-Нұр» ЖШС директоры Мұрат Нұрсәитовтың айтуынша, 15,4 млрд теңге инвестиция салынатын жоба 2 кезеңде жүзеге асады. Бірінші кезеңде жылына 560 жолаушылар вагонын ағымдағы жөндеу, 180 вагон депо жөндеу кешені жоспарланған. Құрылыс 100% аяқталды, қазір ішкі әрлеу жұмыстары қарқын алды. Ресейден 60 жабдық жеткізіліп, монтажалуда. Серіктестік бұған шамамен 3,2 млрд теңге жеке инвестиция салды. Одан бөлек, жобаны «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ 2,2 млрд теңгеге қаржыландырды.

Екінші кезеңде жаңа технологияларды пайдаланып, вагон құрастыратын өндіріс құрылмалық. Ол – жылына 30-40 вагон шығаратын «Қызылорда вагон құрастыру зауыты». Дайындық жұмыстары осы жылдың екінші жартыжылдығында басталады. Ресейден және ҚХР-дан жабдықтар сатып алуға қажетті 8 млрд теңге «Өнеркәсіпті дамыту қоры» АҚ арқылы қарастырылуда.

Өңірде көлік логистика саласында атқарылған жұмыстар ауқымды. Ерекше үлгіде салынған әуежайдың шетелдегілерден еш айырмашылығы жоқ. Сыртқы аумағының өзі көз тартады. Жолаушыларға ерекше әсер қалдырады. Ал жаңа сапаржайда күн сайын қаншама автобус өліміздің түкпір-түкпіріне ағылуда. Халықаралық рейстер де жанданды. Шойын жолдың да жаңғыруы жаңға жайылық сыйлайды. Облыс аумағындағы жол сапасы да жылдан-жылға жақсаруда. Бастысы, жолаушыларға жоғары деңгейде қызмет көрсетуге толық мүмкіндік бар. Бұл бастамасы, осы бағыттағы жұмыстар әлі де жалғасалды.

Сара АДАЙБАЕВА, «Сыр бойы»

ЖОБА

«Қызылорда облысы бойынша 2025 жылға арналған тыңайтқыштардың (органикалық тыңайтқыштарды қоспағанда) субсидияланатын түрлерінің тізбесін және тыңайтқыштарды сатушыдан сатып алынған тыңайтқыштардың 1 тоннасына (литріне, килограммына) арналған субсидиялар нормаларын бекіту туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2025 жылғы 23 мамырдағы №111 қаулысына толықтырулар енгізу туралы

Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**
1. «Қызылорда облысы бойынша 2025 жылға арналған тыңайтқыштардың (органикалық тыңайтқыштарды қоспағанда) субсидияланатын түрлерінің тізбесін және тыңайтқыштарды сатушыдан сатып алынған тыңайтқыштардың 1 тоннасына (литріне, килограммына) арналған субсидиялар нормаларын бекіту туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2025 жылғы 23 мамырдағы №111 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8612-11 болып тіркелген) мынадай толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулының қосымшасына сәйкес бекітілген Қызылорда облысы бойынша 2025 жылға арналған тыңайтқыштардың (органикалық тыңайтқыштарды қоспағанда) субсидияланатын түрлерінің тізбесі және тыңайтқыштарды сатушыдан сатып алынған тыңайтқыштардың 1 тоннасына (литріне, килограммына) арналған субсидиялар нормалары мынадай мазмұндағы реттік нөмірлер 936, 937, 938, 939, 940, 941, 942, 943, 944, 945, 946, 947, 948, 949, 950, 951, 952, 953, 954, 955, 956, 957, 958, 959, 960, 961, 962, 963, 964, 965, 966, 967, 968, 969, 970, 971, 972, 973, 974, 975, 976, 977 - жолдармен толықтырылсын:

936.	Amco Cereals	килограмм	1 339
937.	AmcoCorn	килограмм	825
938.	Amco Potato (AMKO Картофель)	килограмм	990
939.	Fulltec	литр	8 085
940.	MANNI-PLEX Fe	литр	2 950
941.	Reasil Forte КомбоАктив	литр	2 500
942.	Top Zinc Max	литр	9 632
943.	YaraAmplix Optinue	литр	4 850
944.	YaraTera Calcinit	килограмм	350 000
945.	Агрохимикат БИОНЕКС-КЕМИ ЖИДКИЙ 10:10:10 маркасы	литр	1 617
946.	Агрохимикат БИОНЕКС-КЕМИ ПРОФИ 35:1:1,5 маркасы	килограмм	941
947.	Агрохимикат БИОНЕКС-КЕМИ ПРОФИ 40:1:5,2 маркасы	килограмм	971
948.	Агрохимикат БИОНЕКС КЕМИ РАСТВОРИМЫЙ 2:40:27+1,2 маркасы	килограмм	3 132
949.	Агрохимикат БОРОГУМ	литр	2 405
950.	Агрохимикат БОРОГУМ ЭКСТРА Мо маркасы	литр	5 130
951.	Агрохимикат БОРОГУМ ЭКСТРА Комплексный маркасы	литр	2 434
952.	Микротиңайтқыш «ГИСИНАР БОР»	литр	3 495
953.	Минералды тыңайтқыш Изагри-К, Форс Питание маркасы	литр	2 640
954.	Минералды тыңайтқыш Изагри-К, Фосфор маркасы	литр	2 168
955.	Минералды тыңайтқыш Изагри-М, Форс Рост маркасы	литр	2 640
956.	Нутривант Плюс Ячмень 0-23-42	килограмм	1 430
957.	Нутривант Плюс Рис 0-46-30	килограмм	1 850
958.	Микроэлементтермен байытылған түйіршіктелген суперфосфат	тонна	36 750
959.	Микроэлементтермен байытылған суперфосфат ұнтағы	тонна	19 643
960.	Текноколь S	литр	1 703
961.	Тыңайтқыш Humasporin	литр	2 798
962.	Тыңайтқыш Reasil Forte Carb-K-Amino	литр	3 062
963.	Тыңайтқыш Reasil Forte Carb-N-Humic	литр	1 426
964.	Тыңайтқыш Reasil Forte Cемя Старт	литр	2 600
965.	Тыңайтқыш Reasil Forte Cемя Старт	литр	2 600
966.	Тыңайтқыш Reasil micro Amino B/Mo	литр	4 594
967.	Тыңайтқыш Reasil micro Amino Zn	литр	3 010
968.	Тыңайтқыш Reasil micro Hydro Mx	литр	4 118
969.	Топырақ құнарлығын қалпына келтіруге арналған Reasil® Soil Conditioner тыңайтқышы	литр	686
970.	Органикалық егіншілікке арналған Reasil® Soil Conditioner тыңайтқышы	килограмм	686
971.	Тыңайтқыш SAMPPi	литр	3 572
972.	Тыңайтқыш «БОГАТЫЙ» «5:6:9» маркасы	литр	1 601
973.	Тыңайтқыш Брексил Феррум (Brexil Fe)	килограмм	3 356
974.	Тыңайтқыш К-Гумат-На микроэлементтермен	литр	1 125
975.	Тыңайтқыш «Ростолон 13-40-13 + ME»	килограмм	1 250
976.	Тыңайтқыш «Ростолон 17-7-24+ME»	килограмм	1 250
977.	Тыңайтқыш «Ростолон 20-20-20+ME»	килограмм	1 250

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Қызылорда облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облысының әкімі

Н.Нәлібаев

Қызылорда облысының ветеринария басқармасы және ветеринариялық ұйымдар көрсететін мемлекеттік қызметтер туралы

Қызылорда облысының ветеринария басқармасы 1 (бір) мемлекеттік қызмет көрсетеді. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің атауы – «Ветеринария саласындағы қызметпен айналысуға лицензия беру».

Аталған лицензия Қазақстан Республикасының рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасына сәйкес жануарлардан алынатын өнім мен шикізатқа ветеринариялық-санитариялық сараптама жасайтын зертханаларға беріледі.

Мемлекеттік қызмет 6 (алты) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде ақылы негізде көрсетіледі. Лицензия Қазақстан Республикасының «Е-лицензия» веб-порталы арқылы электронды түрде рәсімделеді.

Ветеринариялық пункттермен 2 (екі) мемлекеттік қызмет көрсетіледі. Мемлекеттік қызметтердің атауы – «Ветеринариялық анықтама беру» және «Ветеринариялық паспорт беру».

«Ветеринариялық анықтама беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет КР АПШМ «Бырыңғай автоматтандырылған басқару жүйесі» веб-порталы арқылы (ЕАСУ) тегін көрсетіледі.

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 21 мамырдағы №7-1/453 «Ветеринариялық құжаттарды беру қағидаларын және олардың бланктеріне қойылатын талаптарды бекіту туралы» бұйрығының талаптарына сәйкес, ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің «Бырыңғай автоматтандырылған басқару жүйесі» веб-порталы арқылы рәсімделеді.

АТАКӘСІП пен КӘСІПКЕРЛІК ӨРКЕНІ

ҚҰРЫЛЫС МАТЕРИАЛЫ ҚОЛЖЕТІМДІ

Бұқарбай батыр ауылдық округіндегі «Арман ком» ЖШС бүгінде құрылысқа кеңінен пайдаланып отырған пескоблук дайындайды. Ауыл тұрғыны Еділ Жұмабек 2019 жылы кәсібін бастаған. Ал 2020 жылы «Бизнестің жол картасы – 2025» бағдарламасы аясында 2 млн теңге қайтарымсыз қаражат алып, өндіріске қажетті бұйымдар сатып алды. Қажетті шикізат облыс аумағынан тасымалданады. Қазір мұнда 3 адам тұрақты жұмыспен қамтылған. Күніне 800 дана өнім шығарады.

– Қазір біз пескоблуктың бір ғана түрін дайындап отырмыз. Алдағы уақытта қосымша құрылғыларды іске қосып, бірнеше өнім түрін ұсынуға мүмкіндігіміз бар, – дейді кәсіпкер.

Жалағаш ауданына қарасты «Ақсу» ауылдық округінде 1909-1977 жылдары өмір сүрген Беркімбай қалпенең мешіті бар. Киелі орынға еліміздің әр түкпірінен, тіпті көршілес елдерден келіп зиярат етеді. Қалпенең қасиеті туралы көптеген аңыз-әңгіме әлі күнге елдің аузында жүр.

Мешітке дейінгі жолды жөндеу жұртшылық тарапынан жиі айтылып жүрген мәселенің бірі болатын.

Ауыл тұрғыны Марат Алдабергенұлының айтуынша, биыл аудан әкімдігінің қолдауымен Беркімбай әулие атындағы көшеге асфальт төселіп, көптің ұсынысы орындалыпты.

– Қалпе ағамыз – халыққа көп шарапаты тиген адам. Кешегі кеңес заманында талай қуынға ұшырап, қиындық көрген. Бірақ

бойындағы ерекше қасиетімен бәрінен аман қалған. Күні бүгінге дейін ол кісінің мешітіне келіп, зиярат ететіндер аз емес. Мысалы, бірнеше рет кавказдық ағайындардың келгенінен хабарымыз бар. Шырақшының айтуынша, бүгін ғана Петропавлдан бір-екі кісі ниет етіп келіпті. Сондықтан қалпенең атындағы көшенің жөнделуі игілікті іс болды, – деді ол.

Жалпы биыл Жалағаш кентінде біраз көше жөнделген. Әсіресе, теміржолдың бергі беті Дауымбай елді мекеніндегі бірталай жылдан бері жөндеу көрмеген көшелердің қалыпқа келтірілгені игілікті іс болыпты.

– Биыл кенттегі 11 көшеге күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Шынын айтсақ, көп көшенің әбден тозығы жеткен еді. Сондықтан бірінші кезекте халықтың сұранысы ескерілді. Өздеріңіз білесіздер, биыл – Ұлы Жеңістің 80 жылдығы. Осы орайда М.Мәметова,

Ә.Молдағұлова көшелері күрделі жөндеуден өтіп, көптің көкейіндегі мәселе шешімін тапты. Қазір жоспарланған жұмыстың 90 пайызы орындалды. Сонымен қатар, кент 100 пайыз ауызсумен, табиғи газбен қамтылған. Енді электр жүйелерін толығымен жаңғырту жұмыстары басты назарға алынып отыр. Бұдан бөлек, демеушілер есебінен балалар ойын алаңдарын салу да жоспарымызда бар, – дейді кент әкімі Мардан Жамалатов.



ТІРШІЛІГІ ТҮЛЕГЕН АУЫЛ

Жалағашқа ең шалғай орналасқан «Ақыр» ауылында да толымды тірлік бар. Ауыл әкімі Бауыржан Шыңжыровтың сөзінше, елді мекенде 1057 тұрғын, 185 отбасы тұрады. Тұрғындар негізінен мал шаруашылығымен айналысады. Сонымен қатар, 90-нан астам кәсіпкерлік нысан жұмыс істейді.

Ауылда «Қазақстан халқына» қоры арқылы 175 млн теңгеге спорт кешені пайдалануға берілгені отыр. Спорт кешені күніне 180 адамды қамтуға арналған. Қазір мұнда бір

көтеру, күрес үйірмесі бар, алдағы уақытта волейбол, үстел теннисі үйірмелерін ашу жоспарланып отыр.

Қазақ өнері мен мәдениетінің дамуына өлшеусіз үлес қосқан ұлт қайраткері Темірбек Жүргенов туған (бұрынғы «Жанаталап» ауылы) ауылдың тіршілік тамыры – егін, мал шаруашылығы, сондай-ақ, бау-бақша.

Ауылдық округке қарасты «Ер Әлі» шаруашылығының күріш көлемі 1700 гектарды құрайды. Қазір шаруашылықта «Каурис», «Маршал», «Премимум», «Айсұл» «Виконт» күріш сорттары егілген. Былтыр орташа өнім 92 центнерді құраған. Сондай-ақ 546 гектар жоңышқа егілген.

Бұдан бөлек, ауылда 12 гектар бақша, 12 гектар көл шаруашылығы бар. Бақша толықтай тамшылатып суару тәсілімен егіледі. Бүгінде онда картоп, сәбіз, қауын-қарбыз жемісін бере бастады. Ал көл шаруашылығында бірнеше балық түрі бар.

Т.Жүргенов ауылындағы «Құрманбай ата» шаруа қожалығының алма бағы туралы аймақ тұрғындары жақсы біледі. Өйткені бұл бақтың алмасына өнімде сұраныс өте жоғары. Айта кетейік, «Құрманбай ата» шаруа қожалығына қарасты алма бағы 2018 жылы құрылған. Жалпы аумағы 6 гектар, оның 5 гектарына алма ағаштары егілген. Бақта 2 адам еңбек етеді.

Айталық, алма сорттарынан «Голден Делишес» 5000 түп, «Джонатан» 5000 түп, «Ренет Симиренко» 2650 түп егілген. Баққа тамшылатып суару технологиясы қолданылады. Бағбан Нұрбол Сисенбаевтың айтуынша, өткен жылы 70-80 тонна өнім алынған, биыл да сол деңгейде жиналады деген болжам бар.

Тағы бір жаңалық, шаруа қожалығы биылдан бастап 300 қаз өсіруді қолға алған. Олар үшін бақтың бір шетінде арнайы көл де бар. Бағбанның айтуынша, қаз бақты арамшөптен тазалап отырады. Шынында, бақтың іші тап-таза, басы артық өсімдік байқалмайды. Сосын қаздың бір мезетте топ-тобымен келіп көлге түскені де керемет көрініс екен.

Аудан халқының тіршілігі қалыпты арнасымен жүріп жатыр. Бүгінде егін-терім, бау-бақша жұмыстарына жаңа технологияны енгізген. Ақ пейілді ауыл халқының да бірте-бірте нарық талабына бейімделіп, нан табудың жолын меңгере бастағаны көңілге қуаныш ұялатты.

Гәзиза ӘБІЛДА,
«Сыр бойы»

1-бет



АҚТАҢДАҚТАР ІЗІ

СТАЛИН ҚАЙТҚАН КҮН ЕДІ...

...Соғыста неміс тұтқынына түскен тартоғайлық Бектұрған Маханов пен ақтағандық Пазылхан Қалышевты «Власов армиясында болғандар» деген жаламен жпырма бес жылға соттап, Сібірге айдаған еді.

Соғыстың от-жалынан кешкен соқталдай жігіттер қарулы, жанкешті. Сондықтан олар бұл алыс сапардан қашып шығып, бір жыл сегіз айдан соң ауылдарына келді. Бірақ алдарынан аңдып отырғандар оларды тағы да тұтқындап, пойызға отырғызды да Қарағандыға әкеліп түсірді.

...Түрмедің қара жұмысқа салды. Жұмыстың негізгісі вагонға көмір тасу. Азиянан кешке дейін күректен көмір қаштырады. Үсті-бастары көрден шыққаннан әрі болып, тар қанақа кіреді. Күріш ботқа, сылдыр сорпа, қара нан. Күнара Бектұрған екеуін сұрақтың сыртына алады. «Власов не тапсырма берді?», «Тағы қандай тыңшылар бар?». Сұрақтары осындай.

Осы жерден Пазылхан тағы да қашып шықпаққа бекінді. Екеуінің бірдей қашуы неғайбыл. Өйткені түрме қарауылы күшейтілген.

Сонымен, Пазылхан бір түнде тікенек сымнан шығып, «ал, қайдасың ауыл» деді. Соғыстың тозағынан, Сібірдің тұзағынан құтылып келген оған бұл әрекет аса қиынға түспеді. Сол кезде түрмеден қашқандар да, қайта ұсталып жатқандар да жетерлік.

Кеше осы Отанның тыныштығы үшін басын бөйгеге тігіп еді, енді өз тыныштығын іздеп бас сауғалады.

Жолға бес-алты күн өткізіп, үй-жайымен қайта қауышты, Пазылхан. Бірақ араға көп уақыт салмай қайта тұтқындалды.

Елге қарар бет жоқ дейтін киісі не? Қиынсыз жаланың қыл шылбырынан қашты. Бірақ Қалышевқа бұл жолы бұрынғы айыптарының үстіне «диверсиялық әрекеттерге қатысы бар» деген жаңа жапсырылды, ату жазасына кесті. Оны тексеріп жатқан әділ үкімет қайда? Сот солай дел ме, болды.

...Тағы да Қарағандыға әкеліп түсірді. Ағасы жалғызсырап, азып кетті. Пазылхан ауылдың амаңдығын біліп қайтуға барып-келіп жүргендей-ақ екеуі армансыз сырласты. Бір-бірін құшақтап ауыр күрсіністі. «Мені ату жазасына кесті» дегенде Бектұрған қатты шошынды.

– Қорықпа, аға, көрер жарығым бар екеніне сенем. Осы жалақорлар Алла-аруақтардан күшті емес. Бір Құдай біледі, түсімдегі аян анық келеді. Аталарым аян арқылы менің сегіз перзентім болатынын айтқан.

Осы сөзді естігенде Бектұрғанның көңілі жай тапты.

Бірақ ақпан айының аяғына таман бірнеше адамды ас-ауқаттан қысып, бөлектеп ұстады. Бұл – ату жазасы орындалуға жақындады деген белгі. Осы кезде түрме бастықтары сотты



Сурет ашық дереккөзден алынды.

болғандардың тағдырын ойыншыққа айналдыра бастаған. Тікенек сым сыртында биік үйілген көмір-төбе жататын. Биіктігі шамамен бес қабат үйдің бойындай болады. Сол көмір-төбенің дәл басында бір жарым тоина салмағы бар тайқазандай бір тас жатыр. Оны ол жерге кім шығарған, неге шығарған, ол – жұмбақ.

Түрме бастықтары «егер кімде-кім сол тасты домалатып, жерге түсірсе, соған бостандық береміз, ал, әрекетінен дым шықпаса атып тастаймыз» деп жар салды. Бұл – олардың көңіл көтеру әдісі. «Мысыққа ойын керек, тышқанға өлім керек» дегендей. Әлгі тасты темір шыңжырмен шандып тастаған және оны көмір-төбенің қақ ортасындағы темір қазыққа бекіткен.

Сапта тұрғандар бір сәт үнсіз қалды. Бұл ойынға бөлек ұстай бастаған Пазылханлар да қосылған болатын.

– Мен! – деп бір орыс жігіті алға шықты.

– Мен! – деді Пазылхан да.

Басқалардың бәрі өз «менін» ұмытып қалғандай, жым-жырт.

– Сен онсыз да ату жазасын алғаның, бәрібір өлем ғой деп тұрсың, – деді жірген капитан Пазылханға жақын келіп.

– Өлем деп емес, өлмеймін деп шығып тұрмын!

Пазылханның саңқ ете қалған даусынан капитан селк ете түсті.

– Сен бар, – деді сосын саптан шыққан әлгі орысқа даусын баеен шығарып. Тасты домалату былай тұрсын, әлгі көмір-төбенің басына шығудың өзі бір күш екен.

Сорлы орыс төбе басына тырмысып, қайта-қайта төмен сырғып жүріп мініп алды да, темір шыңжырды шеше алмай азаптанды. Белгіленген уақыт бар. «Түсі!» деп ақырды жірген капитан. Амалсыз түсті, бейбақ. «Алып кетіңдер!» деді капитан. Алып кетті. Бостандық үшін жаңталасып, ақырында өлімге кетіп

бара жатқан сорлы орыстың сондағы адамишошырлық түрін көрген біреу болмаса, біз суреттей алмаймыз.

– Ал, енді сен бар! – деді капитан Пазылханға. Бағанағы селк ете қалған намысы жібермеді.

Пазылхан көмір төбенің басына ұшып шыққандай көтерілді. Орыс темір шыңжырды шешуге шақ қалған екен. Бір-екі ырғап бұғауды босатып алды да, аса шапшаңдықпен тастың астындағы көмірді қазды. Тас орнынан қозғалды. Бір кезде төмен қарай домалап берді. Шыңжырдан қолы ажырамай қалған Пазылхан қоса домалады. Абайыр болғанда тастың астына түспеді, бір қапталында шыркөбелек айналып жерге келіп тоқтады. Бет-жүзін қан жұған Пазылханға Бектұрған бірінші жүгіріп жетті.

Сол жерден көтеріп емдеу бөліміне алып барды. Капитанның түрі бұзылып, көзі алайып кетті. Ертеңіне санжаста келді де:

– Қалышев, сен ату жазасын алғаның, сені босата алмаймын, – деді. Уәдесін жутты.

Бір сағаттай уақыттан соң түрмеден у-шу шықты. «Түрмедегілер түгел көтеріліп, қарауылдардың қаруын тартып алып, офицерлерді ұрып-соғып жатыр» деді дәрігер алқынып. Пазылхан іле орнынан қарғып тұрды да, төбелес легіне қосылды. Мылтық ұстаған қарауылдар соғыс көрген соқталдай азаматтардың қасында түйелі қойшыдай-ақ қауқарсыздығын көрсетіп, бет-бетімен қашты. Түрмедегілердің аузындағы сөздер мынадай: «Әділдік жасасын!» «Сталин өлді!» «Коммунистік партия жасасын!» «Қуғын-сүргін тоқтатылсын!»

Осы күні барлық КСРО түрмелерінде жаппай тәртіпсіздіктер орын алды. Жаламен отырған көптеген соғыс жауынгері түрмеден қашып кетті. Бұл репрессиялық саясат жүргізіп, Кеңес Одағын қан қасқатқан Сталиннің өлген күні, 1953 жылдың 5 наурызы еді.

Осы тарихи оқиға көптеген жазықсыз жандарды өлімнен алып қалды. Сонымен, Қарағанды түрмесіндегілер де түгел болмаса да, бытырай қашты. Пазылхан мен Бектұрған да бостандыққа шықты. Олар көбіне түнделетіп жүрді. Бектұрған жұлдызға қарап жол болжауды жақсы білетін. Жүре келе айдалада бір қойшының үйіне кезікті. Тамақ ішіп әлденді. «Ел іші – ерен бесік» деген, әйтеуір жақсы жандар кезігіп, жан шакырып, көңіл демдеді. Унемі Пазылханның жолы болады. Су ішсе де, нан жесе де, бабасына дұға бағыштайды. Бұл жолы да солай болды. Қойшы екеуне астындағы атын берді. «Елдеріне жакындаған соң босатып жіберіңдер, өзі қайтып келеді» деді қойшы.

Сонымен, екеуі атқа мінгесіп жолға түсті, жолға жетерлік азық алды. Бір апта жүріп Қаратаудың етегіндегі Шиели шопандарының жайылымына келіп жетті. Осы жерде атты босатып жіберді. Жануар әудем жер барып, артына қарап бір кісінеді де, басын қиғаштап шаба жөнелді...

Дүйсенбек АЯШҰЛЫ,
«Сыр бойы»

ТАНЫМ

КӨРШІ АҚЫСЫ

Ингуш халқының жақсы көрші туралы айтқан әдемі мысалының бізге де жанана қатысы бар десем, жалған болмас. Бір кісінің әбден тығырыққа тақап, алқымынан алып тұрған қомақты берешек қарызы болыпты. Амалы қалмағаны соншалық, үйін сатуға мәжбүр болады. Ингуш дәстүрі бойынша, үйін не жерін сататын көрші алдымен жанындағы көршісіне ұсыныс айтып, ескертеді екен. Әлгі кісі солай еткенде, бір қапталындағы көршісі неге сатайын деп жатқанын сұрайды.

– Өте үлкен қарызым бар, – дейді бұл.

– Кімге, қанша қарызың бар және қаншаға сатпаксың? – дейді. Қарыздар көрші қарызының көлемін, кімге екенін, үйін қаншаға сататынын айтып, егер бұл көршісі алға ниет білдірсе, арзандау беретінін де қосып қояды.

– Жаксы, – дейді көршісі тындап алып, – олай болса, ертең маған келіп кетерсің.

Үйін сатпақ болған көрші ертеніне айтқан уақытында келгенде халін сұраған қапталдағы көршісі:

– Ал, көрші, мен кеше барып сенің барлық қарызыңды төлеп кеттім. Енді ешкімге берешек емессің, ешқайда кетпей бұрынғыша тұра бер, – депті. Борышты болған көрші:

– Ой-й, Құдайым-ай, рас айтасыз ба, неге олай жасадыңыз, енді қарызға сіз кіріп кеттіңіз ғой, – дейді. Сонда қарызын өтеген көршісі:

– Сіздің қарызыңызды өтегенді мен соншалықты шығын деп есептемеймін, егер бұл жерден сіз көшіп кеткеніңізде шығының үлкені сол болатын еді, – депті.

Дәл бүгінгі заманда осыншалықты мәрттікке екінің бірі бара қоймас. Бұл мысал қимас көрші жөнінде. Бірақ өмірде керісінше болуы да мүмкін-ау.

Мұсылманның көрші хақысына көзқарасын жақсы білетіндер мына бір хадистен хабарлар деп ойлаймын. Ислам ғұламасы Хасан аль-Басриді білмейтіндер сирек шығар, сол кісінің өзге діндегі көршісі жұпыны өмір кешетін ғұламаға өмір бойы жамандық жасаумен өтеді және ғұлама сабырлылықтың теңдесі жоқ үлгісін көрсеткен. Бір күні үйінен шықпай қалған өз-бір көршісінің ауырып қалғанын естіп халін сұрай келсе, ол таңғалып:

– Менің өмірім саған жамандық жасаумен өтті, маған не үшін келдің? – дейді. Ғұлама:

– Менің дінім көршімен жақсы болуды бұйырады, – дейді. Сонда ол:

– Олай болса, сенің дінің хак екен, уақытымың жақындағанын біліп жатырмын, сенің дініне кірсең Жаратушы күнәмді кешер ме екен? – депті.

– Иман келтіріп, өткен өміріңе шын өкініп тәубе етсең, мүмкін Жаратқан ием кешірер, – дейді ғұлама.


– Олай болса, – дейді көршісі, – сен маған кешірдім деп кепіл болып, бір жапырақ қағазға жазып, менің жаназамды өзін шығарып, кебінге кіргенімде қолыма ұсатпшы, – депті.

Екі-үш күннен соң көршісі қайтыс болып, Хасан аль-Басри айтқанын орындайды, бірақ қалауын Алла ғана білетін тағдыр ісін мойнына алғанына қатты өкінеді. Уайымдап жатып ұйықтап кетіп түсінде әлгі көршісін көреді. Өзі ораған кебіндегі жүзі жарқын көрісі:

– Ей қияметтік көршім болған Хасан аль-Басри! Саған Алла разы болсын! Сенің себебіңмен мұсылман болдым және Жаратушының кешірімін алдым. Жаратқан қағазға қарамайды екен, ниетке қарайды екен. Міне, мынау кепілдік қағазыңды өзін ал, – депті. Ұйқысынан оянаса, әлгі кебіннің ішіндегі көршісіне ұстатқан қағазы қолында жатыр екен.

«Отты түрте берген өшірер, көршіні түрте берген көшірер» дейді. Мүмкін болса, көршімен сыйласып өткенге не жетсін!?

ӘӘЛКЕБАЙҰЛЫ,
Әйтеке би кенті



«Сыр бойы»,
«Қызылординские вести»,
«Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және аудандық басылымдарға хабарландыру орналастырғыңыз келсе:
70-00-52 телефоны арқылы байланысуға болады.
E-mail: smjarnata@mail.ru

www.facebook.com/syrboyi.kz/

Меншік иесі
СЫРМЕДИА

жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Марат АРАЛБАЕВ

қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ

қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:

руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)

әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)

есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38

компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

https://twitter.com/syrboyi

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті
ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015)

«Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымыр газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.

«АҚ» - ақылы қызмет.

Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

www.instagram.com/syrboyi_kz

Газет аптаның сейсенбі, бейсенбі, сенбі (сенбілік екі нөмір) күндері шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.

Тел.: 8/7242/ 40-06-68.

Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.